**2010 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басымды ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша көктемгі егіс жұмыстарын өткізуде оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 27 мамырдағы N 171 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 шілдеде N 13-3-119 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 5 қаңтардағы N 2 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011.01.05 N 2 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 123 қаулысымен бекітілген облыстық бюджеттердің және Астана қаласы бюджетінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға 2010 жылдың республикалық бюджетінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Ережелерінің 7- тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2010 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басымды ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша көктемгі егіс жұмыстарын (себуді) қысқа мерзімде өткізу дің оңтайлы мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ш.Тұралиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Айыртау ауданының әкімі Е. Айнабеков*

Айыртау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 мамырдағы № 171 қаулысына қосымша

# Айыртау ауданының 2010 жылға басымды ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша субсидияланған егістік жұмыстарын өткізудің оңтайлы мерзімдері

| № р/с | Жер өндеу аймағы | Дақылдар | Көктемгі егіс жұмыстарын өткізуге оңтайлы мерзімдер | Алдыңғы егіс 2010 жылға |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Дала, тегіс жер | Жаздық бидай | 15.05-30.05 | 5.06 дейін |
| | | Күздік қарабидай | 25.08-05.09 | |
| | | Арпа-орташа-кеш сорттары | 25.05-30.05 | |
| | | Арпа-орташа-пісетін, -ерте-пісетін сорттары | 30.05-05.06 | |
| | | Сұлы-орташа-кеш сорттары | 25.05-30.05 | |
| | | Сұлы-орташа-пісетін сорттары | 27.05-30.05 | |
| | | Дәнді бұршақты дақылдар ( бұршақ) | 25.05-30.05 | |
| | | Қарақұмық | 25.05-30.05 | |
| | | Майлы дақылдар: | | |
| | | Рапс | 15.05-20.05 | |
| | | Лен, қыша, беде қыша | 17.05-20.05 | |
| | | Күнбағыс май тұқымына | 15.05-18.05 | |
| | | Картоп | 18.05-23.05 | |
| | | Көкөніс және бақша өнімдері | 10.05-10.06 | |
| | | Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген көпжылдық шөптерді қоспағанда): | | |
| | | Бір жылдық шөптік өсімдік | 01.06-05.06 | |
| | | Көп жылдық өсімдік | 25.05-05.06 | |
| 2 | Таулытас және таушықтасты( Көкшетау биіктігі шегінде) | Жаздық бидай | 15.05.-27.05 | 1.06.-3.06 дейін |
| | | Күздік қарабидай | 25.08-05.09 | |
| | | Арпа-орташа-кеш срттары | 25.05-30.05 | |
| | | Арпа-орташа-пісетін, -ерте-пісетін сорттары | 30.05-5.06 | |
| | | Сұлы-орташа-кеш сорттары | 25.05-30.05 | |
| | | Сұлы-орташа-пісетін сорттары | 30.05-5.06 | |
| | | Дәнді бұршақты дақылдар ( бұршақ) | 25.05-30.05 | |
| | | Қарақұмық | 20.05-25.05 | |
| | | Майлы дақылдар: | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Рапс | 10.05-20.05 | |
| | | Лен, қыша,беде қыша | 10.05-20.05 | |
| | | Күнбағыс май тұқымына | 10.05-20.05 | |
| | | Картоп | 15.05-20.05 | |
| | | Көкөніс және бақша өнімдері | 10.05-10.06 | |
| | | Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген көп жылдық шөптерді қоспағанда): | | |
| | | Бір жылдық шөптік өсімдік | 01.06-05.06 | |
| | | Көп жылдық өсімдік | 25.05-05.06 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК